

Ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 11 шілде N 102-ө
1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама
Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық
ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарларын жоюға және ядролық
қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісімді Z020328_ (бұдан әрі - Келісім)
ұзарту мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер

министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы
Елшілігі арасында ноталар алмасу нысанындағы келісімнің қолданылуына
жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді белгілеу процесінің
айқындылығын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылсын:

Школьник	- Қазақстан Республикасының Энергетика
Владимир Сергеевич	және минералдық ресурстар министрі,
	жетекші;
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономика
Әбілғазы Қалиәкпарұлы	және сауда вице-министрі;
Қанатов	- Қазақстан Республикасының
Сәбит Сарқытұлы	Мемлекеттік кіріс вице-министрі;
Қазыханов	- Қазақстан Республикасының Сыртқы
Ержан Хозеұлы	істер министрлігі Көп жақты
	ынтымақтастық департаментінің
	директоры;
Әбдіреев	- Қазақстан Республикасының Экономика
Батырбек Сейтенұлы	және сауда министрлігі Сауда,
	халықаралық ынтымақтастық және
	экспорттық бақылау департаменті
	директорының орынбасары;
Ахметов	- Қазақстан Республикасы Энергетика
Тілеукен Зейнікенұлы	және минералдық ресурстар министрінің
	кеңесшісі, Қазақстан Республикасының
	Энергетика және минералдық ресурстар
	министрлігі Халықаралық ынтымақтастық

және мемлекеттік ғылыми-техникалық
бағдарламалар департаменті директорының
орынбасары;

Мендіғалиев - Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Асылбек Аманшаұлы министрлігі жанындағы Қару-жаратқын
қысқартылуын бақылау және
инспекциялық қызметті қамтамасыз ету
жөніндегі орталықтың бастығы;

Есмағанбетова - Қазақстан Республикасының Қаржы
Жанар Саматқызы министрлігі Фискальдық саясат және
болжамдар департаменті салық саясаты
басқармасының бастығы;

Шоранова - Қазақстан Республикасының
Шолпан Едігеқызы Мемлекеттік кіріс министрлігі
Халықаралық салық салу департаменті
халықаралық келісімдер басқармасының
бастығы;

Ақымбекова - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Жазира Серікқызы істер министрлігі Көп жақты
ынтымақтастық департаментінің екінші
хатшысы;

Әйтенев - Қазақстан Республикасының Әділет
Марат Дүйсембекұлы министрлігі Заңнама департаментінің
халықаралық құқық басқармасы екі
жақты ынтымақтастық нормативтік
құқықтық кесімдерін сараптау және
дайындау бөлімінің жетекші маманы.

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы Қауіпті бірлесіп азайту бағдарламасының

шеңберінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес Келісімнің қолданылуына
жататын шаруашылық жүргізуші субъектілерді белгілеу процесінің
айқындылығын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы
Үкіметінің қарауына ұсынатын болсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК